



Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің м.а. 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 695 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 28 желтоқсанда № 12565 болып тіркелді.

РҚАО-ның

ескертпесі!

Бұйрық 01.01.2016 ж. бастап қолданысқа енгізіледі

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Экологиялық кодексінің 17-бабының 29) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесі (бұдан әрі - Тізбе) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің Қалдықтарды басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты алған күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға тиіс.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушы

М. Мырзағалиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрінің
міндетін атқарушы

_____ А. Рау
2015 жылғы 4 желтоқсан

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 4 желтоқсандағы
№ 695 бұйрығымен бекітілді

Өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын өнімнің (тауарлардың) тізбесі

Ескерту. Тізбе жаңа редакцияда – ҚР Энергетика министрінің 16.01.2019 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 05.12.2019 № 95 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – 15.06.2020 № 146 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

р/с №	ЕАЭО СЭҚТН коды*	Өнім (тауарлар)
1.	Темір жол немесе трамвай жылжымалы құрамынан басқа, жерүсті көлігінің құралдары, олардың бөліктері және жабдықтары	
1.1.	8701 20 101	жаңа ершікті тартқыштар, толық массасы 50 тоннадан асатын көлік құралдарын қоспағанда
1.2.	8701 20 901	бұрын қолданыста болған ершікті тартқыштар, толық массасы 50 тоннадан асатын көлік құралдарын қоспағанда
1.3.	8702	жүргізушіні қоса алғанда, 10 немесе одан да көп адамды тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары

1.4.	8703	жеңіл автомобильдер және жүк-жолаушы автомобильдер-фургондарды және жарыс автомобильдерін қоса алғанда, негізінен адамдарды тасымалдауға арналған өзге де моторлы көлік құралдары (8702 тауар позициясының моторлы көлік құралдарынан басқа)
1.5.	8704	жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары, толық массасы 50 тоннадан асатын көлік құралдарын қоспағанда
1.6.	8705	арнайы мақсаттағы моторлы көлік құралдары (мысалы, апатты жағдайдағы жүк көліктері, автокрандар, өрт сөндіру, бетон араластырушы, жол тазалайтын, суаратын көліктері, автошеберхана, рентген құрылғысы орнатылған автокөліктер), жолаушылар және жүк тасымалына арналған қолданыстағы транспорттан басқа, толық массасы 50 тоннадан асатын көлік құралдарын қоспағанда
1.7.	8706 00 910 9	8703 тауар позициясының көлік құралдарына арналған өзгелер
2.	Каучук, резеңке және олардан жасалған бұйымдар	
2.1.	4011 10 000	жеңіл автомобильдерге арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар (жүк-жолаушы автомобильдер-фургондар мен спорттық автомобильдерді қоса алғанда)
2.2.	4011 20	автобустар немесе жүк тасымалдайтын моторлы көлік құралдарына арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.3.	4011 30 000 0	әуе кемелерінде пайдалануға арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.4.	4011 40 000 0	мотоциклге арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.5.	4011 50 000	велосипедтерге арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.6.	4011 70 000 0	ауыл шаруашылығы немесе орман шаруашылығы көлік құралдарына және машиналарға арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.7.	4011 80 000 0	құрылыста, тау-кен ісінде немесе өнеркәсіпте пайдаланылатын көлік құралдарына және машиналарға арналған жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.8.	4011 90 000 0	өзге де жаңа пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.9.	4012 11 000 0	қалпына келтірілген немесе бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар; үлкен немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, шина протекторлары мен жиектік ленталар, жеңіл автомобильдер үшін (жүк-жолаушы автомобиль-фургондар мен спорттық автомобильдерді қоса алғанда) қалпына келтірілген резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.10.	4012 12 000 0	қалпына келтірілген немесе бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар; үлкен немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, шина протекторлары мен жиектік ленталар, автобустар немесе жүк тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдары үшін қалпына келтірілген резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.11.	4012 13 000	қалпына келтірілген немесе бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар; үлкен немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, шина протекторлары мен жиектік ленталар, әуе

		кемелерінде пайдалану үшін қалпына келтірілген резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.12.	4012 19	қалпына келтірілген немесе бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар; үлкен немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, шина протекторлары мен жиектік ленталар, өзге қалпына келтірілген резеңке шиналар мен қақпақшалар
2.13.	4012 20 000	қалпына келтірілген немесе бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар; үлкен немесе жартылай пневматикалық шиналар мен қақпақшалар, шина протекторлары мен жиектік ленталар, бұрын пайдалануда болған пневматикалық резеңке шиналар мен қақпақшалар
3.	Электр аккумуляторлар және оларға арналған сепараторларды қоса алғанда	
3.1	8507 10	поршенды қозғалтқышты іске қосу үшін пайдаланылатын тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі қорғасынды электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар
3.2	8507 20	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, өзге қорғасынды аккумуляторлар
3.3	8507 30	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, никельді-кадмий аккумуляторлар
3.4	8507 40 000 0	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, никельді-темір аккумуляторлар
3.5	8507 50 000 0	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, гидридті-никель аккумуляторлары
3.6	8507 60 000 0	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, литий-ионды аккумуляторлар
3.7	8507 80 000 0	тікбұрышты (соның ішінде төртбұрышты) немесе басқа пішіндегі электр аккумуляторлары, оған қоса сепараторлар, өзге де аккумуляторлар
4.	Битуминозды жыныстардан алынған мұнай және мұнай өнімдері (шикілерден басқасы) және басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген, құрамында 70 салмақты пайыз немесе одан да артығы болатын мұнай немесе мұнай өнімдері бар, битуминоздық жыныстардан алынған, оның үстіне бұл мұнай өнімдері құрамында биодизель және өңделген мұнай өнімдері барларын қоспағанда, негізгі өнімдерді	

	құрайтын өнімдер болып табылады	
4.1	2710 19 820 0	мотор майлары, компрессорлық майлау майлары, турбиналық майлау майы
4.2	2710 19 840 0	гидравликалық мақсаттарға арналған сұйықтықтар
4.3	2710 19 860 0	ашық түсті майлар, вазелин майы
4.4	2710 19 880 0	жетектерге арналған май және редукторларға арналған май
5.	Өзге де химия өнімдері	
5.1	3819 00 000 0	Битуминоздық жыныстардан алынған құрамында 70 салмақты пайыздан аспайтын мұнай немесе мұнай өнімдері болатын немесе болмайтын гидравликалық тежегіштік сұйықтықтар және гидравликалық берілістерге арналған өзге дайын сұйықтықтар
5.2	3820 00 000 0	антифриздер және шыны жуғыштарды қоспағанда, мұздауға қарсы дайын сұйықтықтар
6.	Полимерлік, шыны, қағаз, картон, металл қаптамалар, құрамдастырылған материалдан жасалған қаптама	
6.1	3920 10	үлдір және жолақтар немесе таспалар, пластмассадан жасалған басқалары, кеуексіз және армиленбеген, қабатсыз, төсемсіз және ұқсас тәсілдермен этилен полимерлерінен дайындалған басқа материалдармен жалғанбаған
6.2	3920 20	үлдір және жолақтар немесе таспалар, пластмассадан жасалған басқалары, кеуексіз және армиленбеген, қабатсыз, төсемсіз және ұқсас тәсілдермен пропилен полимерлерінен дайындалған басқа материалдармен жалғанбаған.
6.3	3920 62	үлдір және жолақтар немесе таспалар, пластмассадан жасалған басқалары, кеуексіз және армиленбеген, қабатсыз, төсемсіз және ұқсас тәсілдермен полиэтилентерефтлат полимерлерінен дайындалған басқа материалдармен жалғанбаған
6.4	3923	пластмассадан жасалған тауарларды тасымалдау немесе орамдауға арналған өнімдер;
6.5	4811 51 000 9	жабыны, сіңіруі бар қағаздан және картоннан немесе ламинатталған
6.6	4811 59 000 9	пластмассадан (желімдерді қоспағанда) жасалған орама (орама материалы)
6.7	4819	қағаздан, картоннан, целлюлозалық мақтадан жасалған қатты қағаздар, жәшіктер, қаптар, пакеттер және басқа да орамдаушы ыдыстар мақтадан немесе целлюлозалық талшықтан жасалған кенептер
6.8	7010	үлкен бөтелкелер, бөтелкелер, флакондар, құтылар және тауарларды сақтауға, тасымалдауға немесе буып-түюге арналған басқа да шыны ыдыстар; консервілеуге арналған шыны құтылар
6.9	7310 21	қара металдардан жасалған қалайымен немесе қаусыршамен жабылған консерві банкілері: кез келген заттарға (тығыздалған немесе сұйытылған газдан басқа) сыйымдылығы 1 литерден аспайтын
6.10	7310 29	өзгелері қара металдардан жасалған қалайымен немесе қаусыршамен жабылған консерві банкілері: кез келген заттарға (тығыздалған немесе сұйытылған газдан басқа) сыйымдылығы 1 литерден аспайтын
6.11	7612 90 200 0	аэрозольдер пайдаланылатын үшін алюминийден жасалған ұқсас сыйымдылықтар кез келген заттарға (тығыздалған немесе сұйытылған газдан басқа) сыйымдылығы 1 литерден аспайтын

6.12	7612 90 800	сыйымдылығы 1 литерден аспайтын басқа да қатты цилиндрлі ыдыстар
7.	Пластмассадан жасалған асхана және ас үй ыдыстары, асхана және ас үй жарақтары, үй тұрмысына қажетті және гигиеналық немесе дәретханаға арналған басқа да заттар	
7.1	3924	пластмассадан жасалған асхана және ас үй ыдыстары, асхана және ас үй жарақтары, үй тұрмысына қажетті және гигиеналық немесе дәретханаға арналған басқа да заттар
8	Иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, жарнамалық материалы бар немесе жоқ газеттер, журналдар және өзге де баспа басылымдары	
8.1	4902	иллюстрацияланған немесе иллюстрацияланбаған, жарнамалық материалы бар немесе жоқ газеттер, журналдар және өзге де баспа басылымдары
9	Жылтыр емес, хат жазу, басып шығару немесе басқа да графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын қолмен құйып жасалған қағаз және картон	
9.1	4802 10 000 0	жылтыр емес, хат жазу, басып шығару немесе басқа да графикалық мақсаттар үшін пайдаланылатын қолмен құйып жасалған қағаз және картон
10	Бастапқы элементтер және бастапқы батареялар	
10.1	8506	бастапқы элементтер және бастапқы батареялар
11.	Электрлік қыздыру немесе газразрядты шамдар, герметикалық бағытталған жарық шамдарын қосқанда, сондай-ақ ультракүлгін немесе инфрақызыл шамдар; құрамында сынап бар доғалық шамдар:	
11.1	8539 31	термокатодты люминесценттік шамдарды қоспағанда, газразрядты шамдар, ультрақызыл сәулелену шамдары
11.2	8539 32	сынаптық немесе натрий шамдары; металл-галогендік шамдар
11.3	8539 39 000 0	басқа да газразрядты шамдар, ультрақызыл сәулелену шамдарын қоспағанда.
11.4	8539 41 000 0	доғалық шамдар

11.5	8539 49 000 0	басқа да ультракүлгін немесе инфрақызыл сәулелену шамдары
12.	Құрамында сынап бар медициналық немесе ветеринариялық термометрлер	
12.1	9025 11 200	құрамында сынап бар медициналық немесе ветеринариялық термометрлер
13.	Ірі габаритті электр және электрондық жабдықтар	
13.1	7321 11	тамақты тек қана газда немесе газда, сондай-ақ басқа да отындар түрлерінде дайындау мен жылытуға арналған тұрмыстық қондырғы
13.2	8418	тұрмыстық электр немесе басқа типтегі тоңазытқыштар, мұздатқыштар және басқа да тоңазыту немесе мұздату құрылғылары
13.3	8422 11 000 0	тұрмыстық ыдыс-аяқ жуатын машиналар
13.4	8422 19 000 0	тұрмыстық басқа да ыдыс жуатын машиналар
13.5	8450	тұрмыстық кір жуатын машиналар:
13.6	8451 21 000	сыйымдылығы 10 килограммнан аспайтын құрғақ киім-кешек болатын кептіргіш тұрмыстық машиналар
13.7	8451 29 000 0	басқа да тұрмыстық кептіргіш машиналар
13.8	8516 60 10	тұрмыстық электр плиталары (ең жоқ дегенде, духовкалық шкафы және пісіру панелі бар)
14.	Орташа габаритті электр және электрондық жабдықтар	
14.1	8415 10	температураны және ауа ылғалдылығын өзгертіп тұруға арналған қозғалтқышы және аспаптары бар, желдеткішпен жабдықталған, ауаны жақсартуға арналған қондырғылар, ылғалдылығы жеке реттелмейтін, терезеге орнатылатын немесе қабырғалық типтегі бір корпусы кондиционерлерді немесе тұрмыстық "сплит-жүйелерді" қоса алғанда
14.2	8443 31	есептеу машинасына немесе желіге қосылуға мүмкіндігі бар басып шығару, көшірме жасау немесе факс арқылы жөнелту сияқты екі немесе одан да көп қызметтерді атқаратын тұрмыстық машиналар
14.3	8443 32	пластиналар, цилиндрлер мен 8442 тауарлық позициясындағы басқа да баспа нысандары арқылы басып шығару үшін пайдаланылатын өзге де баспа машиналары; өзге де принтерлер, көшірме аппараттары мен факсимильді аппараттар, біріктірілген немесе біріктірілмеген; есептеу машинасына немесе желіге қосылу мүмкіндігі бар олардың бөліктері мен керек-жарақтары, тұрмыстық
14.4	8443 39 100	түпнұсқаны сканерлеу арқылы көшірмесін жасау және көшірмелерді электр статикалық әдіспен басып шығару функциясын атқаратын машиналар, тұрмыстық
14.5	8443 39 310 0	кіріктірілген оптикалық жүйесі бар басқа да көшіру аппараттары
14.6	8452 10	тұрмыстық тігін машиналары
14.7	8508	тұрмыстық шаңсорғыштар

14.8	8509	электр қозғалтқышы кіріктірілген тұрмыстық электр механикалық машиналар, 8508 тауарлық позицияның шаңсорғыштарынан басқа
14.9	8516 10	электрлік ағынды немесе жинақтаушы (сыйымдылықты) сужылытқыштар және батпалы тұрмыстық электр жылытқыштар
14.10	8516 21 000 0	жылууды жинақтағыш тұрмыстық радиаторлар
14.11	8516 29	өзге де электр ағынды немесе жинақтаушы (сыйымды) су қыздырғыштар және батпалы электр қыздырғыштар; кеңістікті жылыту және топырақты жылыту электр жабдығы, шашты күтуге арналған электртермиялық аппараттар (мысалы, шашты кептіргіштер, бигуди, шаш бұйралайтын қысқаш) және қол кептіргіштер; электрүтіктер; өзге де тұрмыстық электрқыздырғыш аспаптар; электр қыздырғыш кедергілер, 8545 тауар позициясында көрсетілгендерден басқа тұрмыстық
14.12	8467	пневматикалық, гидравликалық немесе кіріктірілген электрлі немесе электрлі емес қозғалтқышты қол аспаптары тұрмыстық
14.13	8471	есептеу машиналары және олардың блоктары, магниттік немесе оптикалық есептеуіш қондырғылар, деректерді кодталған формадағы ақпаратты тасымалдағыштарға көшіруге арналған машиналар және басқа жерде аты аталмаған немесе қосылмаған осындай ақпаратты өңдеуге арналған машиналар тұрмыстық
14.14	8516 50 000 0	қысқа толқынды пештер тұрмыстық
14.15	8516 60 500 0	электр плиталар, қайнату электр қазандары және тұрмыстық қайнату панельдері
14.16	8516 60 700 0	грильдер және тұрмыстық тостерлер
14.17	8516 60 800 0	тұрмыстық, кіріктірілген пештер
14.18	8516 60 900 0	басқа да тұрмыстық пештер
14.19	8516 71 000 0	кофе немесе шай дайындауға арналған, тұрмыстық басқа да электрлі қыздырғыш аспаптар
14.20	8519	дыбысты жазып алатын немесе дыбыс шығаратын тұрмыстық аппаратура, 851920-дан басқа
14.21	8521	бейнені жазып алатын немесе бейнені көрсететін, бейнетюннермен біріктірілген немесе біріктірілмеген аппаратура тұрмыстық
14.22	8527	радиохабарламаларды қабылдауға арналған, дыбыс жазып алғышпен немесе дыбысты шығарғыш аппаратурамен немесе сағаттармен бір корпуста біріктірілген немесе біріктірілмеген аппаратура (8701-8705 тауарлық позициялардағы моторлық көлік құралдарын, немесе олардың бөлшектері мен агрегаттарын өнеркәсіптік жинауға арналғаннан басқасы) тұрмыстық
14.23	8528	құрамына қабылдағыш телевизиялық аппаратура кірмейтін мониторлар және проекторлар, құрамына хабарды кең таратушы радиоқабылдағыш немесе дыбысты немесе бейнені жазып алу немесе көрсету аппаратурасы кірмейтін, телевизиялық байланысты қабылдауға арналған аппаратура тұрмыстық

14.24	9504 50 000		консольдер және бейне ойындарға арналған жабдық тұрмыстық
15.	Ұсақ габаритті электр және электрондық жабдықтар		
15.1	8470 10 000		сыртқы қуат беру көзінсіз жұмыс істеуге бейім электрондық калькуляторлар, және есептеу қызметтері бар деректерді жазып алуға, көрсетуге және сырттай қарап шығуға арналған қалта машиналары тұрмыстық
15.2	8510		электр ұстаралар, шаш алуға арналған машиналар және кіріктірілген электр қозғалтқышы бар шаштарды алып тастауға арналған аспаптар, 8510900000-ден басқа
15.3	8516 31 000		шаш кептіргіштер
15.4	8516 40 000 0		тұрмыстық электр үтіктері
15.5	8516 79		басқа да тұрмыстық электр қыздырғыш аспаптар
15.6	8516 72 000 0		тұрмыстық тостерлер
15.7	8517 11 000 0		сымсыз тұтқалы байланыс жасайтын телефон аппараттары тұрмыстық
15.8	8517 12 000 0		ұялы байланыс желісіне немесе басқа да сымсыз байланыс желісіне арналған телефон аппараттары
15.9	8517 69		бейнефондар, домофондар
15.10	8517 18 000 0		байланыстың ұялы желілеріне немесе басқа да сымсыз байланыс желілеріне арналған телефон аппараттарын қоса алғанда, басқа да телефон аппараттары
15.11	8525 80 300 0		цифрлық камералар
15.12	9006 40 000 0		дайын суреттерді лезде алатын фотокамералар
15.13	9006 51 000 0		жалпақтығы 35 миллиметрден аспайтын катушка түріндегі фотоүлдірге арналған айналы фотокамералар
15.14	9006 52 000		жалпақтығы 35 миллиметрден кем катушка түріндегі фотоүлдірге арналған басқа да фотокамералар
15.15	9006 53		жалпақтығы 35 миллиметр катушка түріндегі фотоүлдірге арналған басқа да фотокамералар
15.16	9006 59 000		басқа да фотокамералар
15.17	9006 61 000 0		разрядтық фотожарқылдар (электрондық)
15.18	9006 69 000 0		басқа да фотожарқылдар және жарқыл шамдар
16.	Орамасына өндірушілердің (импорттаушылардың) кеңейтілген міндеттемелері қолданылатын орамадағы (полимерлік, шыныдан, қағаздан, картоннан, металдан және (немесе) құрамдастырылған материалдан жасалған) өнім (тауарлар)		

16.1.	0210	тұздалған, тұздықтағы, кептірілген немесе қақталған ет және тағамдық қосымша өнімдер, еттен немесе ет тағамдық қосымша өнімдерден ұсақ және ірі иленген тағам ұны
16.2.	0303	0304 тауар позициясының балық сүбесі мен басқа балық етін қоспағанда, мұздатылған балық
16.3.	0304	жаңа ұсталған, салқындатылған немесе мұздатылған балық сүбесі (балық фаршын қоса алғанда) және басқа балық еті
16.4.	0305	кептірілген, тұздалған және тұздықтағы балық; қақтау процесі кезінде не оған дейін жылулық өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған қақталған балық; тамаққа қолдануға жарамды майда немесе ірі тартылған балық ұны және балық түйіршіктері
16.5.	0306	тірі, жаңа ұсталған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы бақалшақтағы немесе бақалшағы жоқ шаянтәріздестер; қақтау процесі кезінде не оған дейін жылулық өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған бақалшақтағы немесе бақалшағы жоқ қақталған шаянтәріздестер; бумен немесе қайнаған суда пісірілген, салқындатылған немесе салқындатылмаған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы бақалшақтағы шаянтәріздестер; тамаққа қолдануға жарамды майда немесе ірі тартылған шаянтәріздестер ұны және түйіршіктері
16.6.	0307	ұлулар, бақалшықтағы немесе бақалшықсыз, тірі, жас, тоңазытылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы; кептірілген ұлулар, бақалшықтағы немесе бақалшықсыз, кептіру процесінде немесе оған дейін жылумен өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған, тамаққа пайдалану үшін жарамды майда немесе ірі тартылған ұлу ұны және түйіршіктер
16.7.	0308	тірі, жаңа ауланған, салқындатылған, мұздатылған, кептірілген, тұздалған немесе тұздықтағы шаянтәрізділер мен ұлулардан басқа, су омыртқасыздары; кептіру процесінде немесе оған дейін жылумен өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған қақталған шаянтәрізділер мен ұлулардан басқа, су омыртқасыздары; тамаққа пайдалану үшін жарамды шаянтәрізділер мен ұлулардан басқа, майда немесе ірі тартылған ұлу ұны және түйіршіктер
16.8.	0401	қоюландырылмаған және қант немесе басқа да тәтті заттар қосылмаған сүт және кілегей
16.9.	0402	қоюландырылған және қант немесе басқа да тәтті заттар қосылмаған сүт және кілегей
16.10.	0403	іркіт, іріген сүт пен қатық, йогурт, айран мен өзге де ферменттелген немесе ашытылған сүт және қатық, қоюландырылған немесе қоюландырылмаған, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған, дәм мен хош иіс беретін қосындылары бар немесе оларсыз, жемістер, жаңғақтар немесе какао қосылған немесе қосылмаған
16.11.	0404	сүт сарысуы, қоюландырылған немесе қоюландырылмаған, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған; сүттің табиғи компоненттерінен азық-түлік, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген
16.12.	0405	сары май мен басқа да майлар және сүттен жасалған май; сүт пасталары
16.13.	0406	ірімшік пен сүзбе
16.14.	0407	құс жұмыртқалары, қабықтағы, жаңа салған, консервіленген немесе піскен
16.15.	0408	қабықсыз құс жұмыртқасы мен жұмыртқа сарысы, жаңа салған, кептірілген, буға немесе қайнаған суға пісірілген, қалыпталған, мұздатылған немесе басқа

		тәсілмен консервіленген, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған
16.16.	0409 00 000 0	табиғи бал;
16.17.	0410 00 000 0	жануарлардан алынатын тамақ өнімдері, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген
16.18.	0701	жаңа піскен немесе салқындатылған картоп
16.19.	0702 00 000	жаңа піскен немесе салқындатылған томаттар
16.20.	0703	түйінді пияз, шалот пиязы, сарымсақ, порей пиязы және басқа да пияз көкөністері, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.21.	0704	қауданды қырыққабат, түсті қырыққабат, кольраби, жапырақты қырыққабат және осыған ұқсас Brassica тектес жейтін көкөністер, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.22.	0705	латук салаты (<i>Lactuca sativa</i>) және шашыратқы (<i>Cichorium spp.</i>), жаңа піскен немесе салқындатылған
16.23.	0706	сәбіз, шалқан, ас қызылшасы, желкек, тамырлы балдыркөк, шалғам және өзге де осыған ұқсас желінетін тамыр жемістер, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.24.	0707 00	қияр және корнишондар, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.25.	0708	бұршақ көкөністер, аршылған немесе аршылмаған, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.26.	0709	өзге де көкөністер, жаңа піскен немесе салқындатылған
16.27.	0710	мұздатылған көкөністер (шикі немесе суға немесе буға пісірілген)
16.28.	0711	қысқа уақытқа сақтауға арналған консервіленген (мысалы, күкірттің еселенген тотығында, тұздықта, күкіртті суда немесе басқа да уақытша консервілейтін ерітіндіде) көкөністер, бірақ мұндай түрде тамаққа тікелей пайдалану үшін жарамсыз
16.29.	0712	кептірілген, тұтастай, кесектерге, тілімдерге кесілген, ұсақталған немесе ұнтақ түріндегі, бірақ кейіннен өңдеуге ұшырамаған көкөністер
16.30.	0713	бұршақты кептірілген, аршылған, тұқым қабығынан тазаланған немесе тазаланбаған көкөністер, шағылған немесе шағылмаған
16.31.	0714	маниок, маранта, салеп, жер алмұрты, немесе топинамбур, тәтті картоп, немесе батат, және құрамында крахмалы немесе инулині жоғары осыған ұқсас тамыр жемістер, жаңа піскен, салқындатылған, мұздатылған немесе кептірілген, тұтас немесе тілімге кесілген немесе түйіршіктер түрінде; саго пальмасының өзегі
16.32.	0801	кокос жаңғағы, бразилиялық жаңғақ және кешью жаңғағы, жаңа піскен немесе кептірілген, қабығынан тазаланған немесе тазаланбаған, қабыршағы бар немесе жоқ
16.33.	0802	өзге де жаңғақтар, жаңа піскен немесе кептірілген, қабығынан тазаланған немесе тазаланбаған, қабыршағы бар немесе жоқ
16.34.	0803	плантайндарды қоса алғанда, банандар, жаңа піскен немесе кептірілген
16.35.	0804	құрма, інжір, ананастар, авокадо, гуайява, манго және мангостан, немесе гарциния, жаңа піскен немесе кептірілген
16.36.	0805	цитрус жемістері, жаңа піскен немесе кептірілген
16.37.	0806	жүзім, жаңа піскен немесе кептірілген
16.38.	0807	қауын (қарбыздарды қоса алғанда) және папайя, жаңа піскен

16.39.	0808	алма, алмұрт және айва, жаңа піскен
16.40.	0809	өріс, шие және шабдалы (нектаринды қоса алғанда), алхоры және шомырт, жаңа піскен
16.41.	0810	өзге де жемістер, жаңа піскен
16.42.	0811	жемістер мен жаңғақтар, қайнаған суға немесе бұға жылумен өңдеуге ұшырамаған, мұздатылған, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған
16.43.	0812	қысқа уақытқа сақтауға арналған консервіленген (мысалы, күкірттің еселенген тотығында, тұздықта, күкіртті суда немесе басқа да уақытша консервілейтін ерітіндіде) жемістер мен жаңғақтар, бірақ мұндай түрде тамаққа тікелей пайдалану үшін жарамсыз
16.44.	0813	кептірілген жемістер, 0801 – 0806 тауар позицияларының жемістерінен басқа; осы топтағы жаңғақтардың немесе кептірілген жемістердің қоспалары
16.45.	0814 00 000 0	цитрус жемістерінің қабығы немесе қауын қабығы (қарбыз қабығын қоса алғанда), жаңа піскен, мұздатылған, кептірілген немесе тұздықта, күкіртті суда немесе басқа да уақытша консервілейтін ерітіндіде қысқа уақытқа сақтау үшін консервіленген
16.46.	0901	кофе, қуырылған немесе қуырылмаған, кофеині бар немесе жоқ; кофе кебегі және кофе дәнінің қабыршағы; кез келген пропорцияда құрамында кофесі бар кофені алмастырғыштар
16.47.	0902	дәмді хош иісті қоспалары бар немесе оларсыз шай
16.48.	0903 00 000 0	мате, немесе парагвай шайы
16.49.	0904	Piper текті бұрыш; Capsicum текті немесе Pimenta текті жемістер, кептірілген немесе ұсақталған, немесе ұнтақталған
16.50.	0905	ваниль
16.51.	0906	даршын және қоңыр ағаш гүлдері
16.52.	0907	қалампыр (тұтас жемістер, гүлдер және гүлсабақ)
16.53.	0908	мускат жаңғағы, мацис және кардамон
16.54.	0909	бәден, ерен, фенхель, күнзе, рим зиресі, немесе волош зиресі, немесе зире тұқымдары; арша жидектері
16.55.	0910	зімбір, запырангүл, турмерик (куркума), жебір, немесе тасшөп, лавр жапырағы, карри және өзге де дәмдеуіштер
16.56.	1005	жүгері
16.57.	1006	күріш
16.58.	1008	қарамық, тары мен субидайықтың тұқымдары; өзге де дақылдар
16.59.	1101	бидай немесе бидай-қарабидай ұны
16.60.	1102	бидай немесе бидай-қарабидай ұнынан басқа, өзге дақылдардың дәндерінен жасалған ұн
16.61.	1103	жарма, ірі тартылған ұн және дақыл дәндерінің түйіршіктері
16.62.	1104	басқа тәсілмен өңделген дақылдар дәні (мысалы, қабыршақтанған, жұқартылған, қауызға қайта өңделген, құлатылған, дәнек түрінде немесе ұсақталған), 1006 тауар позициясының күрішінен басқа
16.63.	1105	майда және ірі үгілген ұн, ұнтақ, қауыз, картоп түйіршіктері
16.64.	1106	майда және ірі үгілген ұн және 0713 тауар позициясының кептірілген бұршақ көкөністерінен ұнтақ, саго пальмасының өзегінен, тамыр жемістерінен

		немесе 0714 тауар позициясының тамыр жемістерінен немесе 08-топтағы өнімнен
16.65	1107	уыт, қуырылған немесе қуырылмаған
16.66.	1108	крахмал; инулин
16.67.	1201	ұсатылған немесе ұсатылмаған соя ноқаттары
16.68.	1202	қуырылмаған немесе басқа да тәсілмен дайындалған, аршылған немесе аршылмаған, ұсатылған немесе ұсатылмаған арахис
16.69.	1206 00	ұсатылған немесе ұсатылмаған күнбағыстың тұқымдары
16.70.	1208	қышаның тұқымдарынан басқа, майлық дақылдардың тұқымдарынан немесе жемістерінен алынған майда немесе ірі тартылған ұн
16.71.	1501	0209 немесе 1503 тауар позициясының тоң майынан басқа, шошқаның майы (қорытылған шошқа майын қоса алғанда) және үй құсының тоң майы
16.72.	1502	1503 тауар позициясының тоң майынан басқа, мүйізді ірі қара малдардың, қойлардың немесе ешкілердің тоң майы
16.73.	1504	тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген балықтың немесе теңіз сүткоректілерінің тоң майлары, майлары және олардың фракциялары
16.74.	1506 00 000 0	тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген өзге де тоң майлар және жануарлардың майлары және олардың фракциялары
16.75.	1509	тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген зәйтүн майы және олардың фракциялары
16.76.	1510 00	тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген зәйтүн немесе зәйтүн жемістерінен алынған өзге де майлар және олардың фракциялары, тауар позициясы 1509 майлармен немесе фракциялармен осы майлардың немесе фракцияларының қоспаларын қоса алғанда
16.77.	1512	тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген күнбағыс, мақсары немесе мақта майлары және олардың фракциялары
16.78.	1516	толық немесе ішінара сутектендірілген, қайта этерифицирленген, ретерифицирленген немесе элаидинизирленген, тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ кейінгі өңдеуге ұшырамаған тоң майлар және жануарлардан немесе өсімдіктен алынатын тоң майлар және олардың фракциялары
16.79.	1517	маргарин; 1516 тауар позициясының тағамдық тоң майларынан немесе майлардан немесе олардың фракцияларынан басқа, жеуге жарайтын қоспалар немесе жануарлардың немесе өсімдіктердің тоң майларынан немесе майларынан немесе фракциялардағы әртүрлі тоң майларынан және аталған топтың майларынан алынатын дайын өнімдер
16.80	1601 00	шұжықтар және еттен, етті қосалқы өнімнен немесе қаннан жасалған ұқсас өнімдер; солардың негізінде жасалған дайын тамақ өнімдері
16.81.	1602	еттен, етті қосалқы өнімнен немесе қаннан жасалған дайын немесе консервіленген өнім басқалары
16.82.	1603 00	еттен, балықтан немесе шаянтәрізділерден, ұлулардан немесе басқа да омыртқасыздардан жасалған сығынды және шырын
16.83.	1604	дайын немесе консервіленген балық; бекірелердің уылдырығы және балық уылдырықшаларынан жасалған оны алмастырғыштар

16.84.	1605	дайын немесе консервіленген шаянтекестер, ұлулар және өзге де су омыртқасыздар
16.85.	1701	құрақ немесе қызылша қанты және қатты түрдегі химиялық таза сахароза
16.86.	1702	қатты түрдегі химиялық таза лактозаны, мальтозаны, глюкозаны және фруктозаны қоса алғанда, өзге де қанттар; дәмді хош иісті немесе бояғыш заттар қосылмаған қант шербаттары; табиғи балмен араласқан немесе араласпаған қолдан жасалған бал; карамельді кулері
16.87.	1704	құрамында какаоһы жоқ, қанттан жасалған кондитерлік өнімдер (ақ шоколадты қоса алғанда)
16.88.	1805 00 000 0	қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылмаған ұнтақ какао
16.89.	1806	шоколад және құрамында какао бар дайын тағам өнімдері
16.90.	1901	ашытқы сығындысы; майда тартылған немесе ірі тартылған ұннан, жармадан, крахмалдан немесе құрамында какао немесе толық майсыздандырылған негізімен қайта есептегенде кемінде 40 салмақты пайыз какао бар ашытқы сығындысынан жасалған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген дайын тамақ өнімдері; 0401-0404 тауар позицияларындағы шикізаттан жасалған, толық майсыздандырылған негізімен қайта есептегенде құрамында какао жоқ немесе кемінде 5 салмақты пайыз болатын, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген дайын тамақ өнімдері
16.91.	1902	жылытып өңдеуге ұшыраған немесе ұшырамаған, ішінде дәмі бар (еттен немесе басқа өнімдерден) немесе дәмі жоқ, спагетти, макарон, кеспе, қысқа тілік кеспе, лазанья, өзбендер, равиоли, каннеллони сияқты басқа тәсілдермен әзірленген немесе әзірленбеген макарон бұйымдары; әзір немесе әзір емес кускус
16.92.	1904	дақылдар дәндерін немесе дақылдар өнімдерін, бөрту немесе қуыру жолымен алынған дайын тамақ өнімдері (мысалы, жүгерінің үлпектері); дән түрінде немесе үлпек түрінде немесе өзге де тәсілмен өңделген дәндер (майда және ірі тартылған ұнды, жарманы қоспағанда), алдын ала пісірілген немесе өзге де тәсілмен дайындалған, басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген дақылдар (жүгері дәнінен басқа)
16.93.	1905	құрамында какаоһы бар немесе жоқ нан, ұннан жасалған кондитерлік өнімдер, тәтті бәліштер, печенье және өзге де нан өнімдері мен ұннан жасалған кондитерлік өнімдер; фармацевтикалық мақсаттарда пайдалану үшін жарамды вафельді пластиналар, бос капсулалар, жапсыру үшін қажетті вафельді қабықтар, күріш қағазы және ұқсас өнімдер
16.94.	2001	сірке немесе сірке қышқылы қосылып дайындалған немесе консервіленген көкөністер, жемістер, жаңғақтар мен өсімдіктің басқа да жеуге жарамды бөліктері
16.95.	2002	сірке немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген томаттар
16.96.	2003	сірке немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген саңырауқұлақтар мен трюфельдер
16.97.	2004	сірке немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген өзге де көкөністер, мұздатылған, 2006 тауар позициясының өнімінен басқа
16.98.	2005	сірке немесе сірке қышқылы қосылмай дайындалған немесе консервіленген өзге де көкөністер, мұздатылмаған, 2006 тауар позициясының өнімінен басқа

16.99.	2006 00	қанттың көмегімен консервіленген (қант шәрбаты сіңген, әйнекеленген немесе қантталған) көкөністер, жемістер, жаңғақтар, жемістер қабығы мен өсімдіктің басқа да жеуге жарамды бөліктері
16.100.	2007	джемдер, жеміс желесі, мармеладтар, жеміс немесе жаңғақ езбесі, жеміс немесе жаңғақ пастасы, жылумен өңдеу арқылы алынған, оның ішінде қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған
16.101.	2008	өзге тәсілмен дайындалған немесе консервіленген жемістер, жаңғақтар және өсімдіктің басқа да жеуге жарамды бөліктері, құрамында қанттың немесе басқа да тәттілегіш заттардың немесе спирттің қоспалары бар немесе жоқ, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген
16.102.	2009	жеміс шырындары (жүзім суслосын қоса алғанда) және көкөніс шырындары, ашымаған және спирт қоспалары жоқ, қант немесе басқа да тәттілегіш заттар қосылған немесе қосылмаған
16.103.	2101	кофе, шай немесе мате, парагвай шайының сығындысы, эссенциясы және олардың негізінде немесе кофе, шай немесе мате, парагвай шайының негізінде жасалған дайын өнім; қуырылған шашыратқы және кофенің, және сығындының, эссенцияның басқа да қуырылған алмастырғыштары және олардан жасалған концентраттар
16.104.	2102	ашықты (белсенді немесе белсенді емес); басқа да бір жасушалы өлі микроорганизмдер (3002 тауар позициясының вакциналарынан басқа); дайын наубайханалық ұнтақтар
16.105.	2103	соусты дайындауға арналған өнімдер мен дайын тұздықтар; дәмдік қоспалар мен аралас дәмдеуіштер; қыша ұнтағы және дайын қыша
16.106.	2104	көжелер мен дайын сорпалар және оларды жасау үшін дайындамалар; гомогенделген құрамдас дайын тамақ өнімдері
16.107.	2105 00	балмұздақ пен құрамында какао бар немесе жоқ тамақ мұзының өзге де түрлері
16.108.	2106	басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген түрлі тамақ өнімдері
16.109.	2201	су, табиғи немесе жасанды минералды, газдалғанды қоса алғанда, қант немесе басқа да тәттілегіш немесе дәм мен хош иіс беретін заттар қосылмаған; мұз және қар
16.110.	2202	су, минералды және газдалғанды қоса алғанда, қант немесе басқа да тәттілегіш қоспалары бар немесе дәм мен хош иіс беретін қосындылары бар, және басқа да алкогольсіз сусындар, 2009 тауар позициясының жеміс немесе көкөніс сусындарын қоспағанда
16.111.	2203 00	уыт сырасы
16.112.	2204	табиғи жүзім шараптары, күшейтілгенді қоса; жүзім суслосы, 2009 тауар позициясында көрсетілгеннен басқа
16.113.	2205	вермуттар мен табиғи жүзім шараптары, өсімдік немесе хош иіс заттар қосылған өзгелері
16.114.	2206 00	жаңа ғана ашытылған сусындар (мысалы, сидр, перри, немесе алмұрт сидыр, бал сусыны, сакэ); ашытылған сусындардан қоспалар және ашытылған сусындар мен алкогольсіз сусындардың қоспалары, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген
16.115.	2207	спирт концентрациясы 80 көлемдік пайыз немесе одан жоғары денатуратталмаған этил спирті; этил спирті және басқа да спирт тұнбалары, денатуратталған, кез келген концентрацияда

16.116.	2208	спирт концентрациясы 80 көлемдік пайыздан төмен денатуратталмаған этил спирті; спирт тұнбалары, ликерлер мен басқа да спирт сусындары
16.117.	2209	сірке мен оның сірке қышқылынан алынған басқа да алмастырғыштары
16.118.	2402	сигаралар, ұштары кесілген сигаралар, сигариллалар мен темекіден немесе оларды алмастырғыштардан жасалған сигареталар
16.119.	2403 11 000 0	құрамында кез келген үлесте темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ шегуге арналған табак: кальянға арналған табак
16.120.	2403 99 100 0	құрамында кез келген үлесте темекі алмастырғыштары бар немесе жоқ шегуге арналған табак: шайнайтын және иіскейтін табак
16.121.	250100	суда ерітілген немесе ерітілмеген немесе құрамында жабысуына кедергі жасайтын немесе сусымалылығын қамтамасыз ететін агенттің қоспалары болатын немесе болмайтын тұз (асханалық және денатураландырылған тұзды қоса алғанда) бен таза натрий хлориді; теңіз суы
16.122.	2523 30 000 0	сазбалшықты цемент
16.123.	2523 90 000 0	өзге де гидравликалық цемент
16.124.	2707	майлар және таскөмірлі шайырдың жоғары температурада айдалатын басқа өнімдері; хош иісті құрамдық бөліктердің массасы хош иіссіз массасынан артатын ұқсас өнімдер
16.125.	3205 00 000 0	кез келген материалды бояу үшін немесе бояу заттарын өндіру кезінде компонент ретінде пайдаланылатын түрлі-түсті лактар; металл қауыз немесе металл ұнтақ ретінде түрлі-түсті лактардың негізінде жасалған препараттар, сусыз орталарға диспергацияланған пигменттерді қоспағанда, сұйық немесе паста тәріздес, бояуларды өндіру кезінде пайдаланылады, эмальды қоса алғанда
16.126.	3207	қыш, эмаль немесе шыны өндіруде қолданылатын дайын пигменттер, дайын шыны күңгірттері, дайын бояулар, эмальдар және шыны тәрізді жылтыратпалар, ангобтар (шликерлер), сұйық глянцетер мен ұқсас препараттар; шыны тәрізді фритта және ұнтақтағы, түйіршіктердегі және үлектердегі шынылар
16.127.	3208	синтетикалық полимерлер немесе химиялы түрлендірілген табиғи полимерлер негізіндегі, майдаланған немесе сулы емес ортада ерітілген бояулар мен лактар (эмальдар мен политуларды қоса алғанда); осы топқа 4-ескертуде көрсетілген ерітінділер
16.128.	3209	синтетикалық полимерлер немесе химиялық түрде өзгертілген табиғи полимерлер негізіндегі, майдаланған немесе сулы емес ортада ерітілген бояулар мен лактар (эмальдар мен политуларды қоса алғанда)
16.129.	3210 00	басқа бояулар мен лактар (эмальдарды, политуларды және желімдік бояуларды қоса алғанда); теріні өңдеу үшін қолданылатын дайын су пигменттері
16.130.	3212	бояуларды өндіруде қолданылатын (эмальдарды қоса алғанда) сулы емес ортада майдаланған, сұйық немесе паста тәрізді пигменттер (металдық ұнтақтар мен үлпектерді қоса алғанда); баспа таңбалау фольгасы; бөлшек сауда үшін нысандарға немесе орамдарға өлшеніп салынған бояулар және өзге бояу заттары
16.131.	3213	суретшілер, студенттер пайдаланатын немесе маңдайша жазуларын безендіруге арналған көркем бояулар, бос уақытта пайдалануға арналған өзгерткіш реңдер, бояулар және таблеткалардағы, тубиктердегі,

		банкарлардағы, флакондардағы, ұяшықтардағы немесе ұқсас нысандардағы немесе орамдардағы ұқсас өнімдер
16.132.	3214	шыны және бақша жақпасы, шайырлы цементтер, тығыздауға арналған құрамдар және басқа да мастикалар; сырлау жұмыстарына арналған тығыздағыштар; фасадтардың үстін, ғимараттардың ішкі қабырғасын, едендерді, төбелерді дайындауға арналған өтқа төзімді емес құрамдар немесе осыған ұқсастар
16.133.	3215	баспаханалық бояу, жазу немесе сурет салуға арналған тушь немесе сия және басқа да концентратты немесе концентратты емес, қатты немесе қатты емес сиялар
16.134.	3303 00	әтір және иіс сулар
16.135.	3304	косметикалық құралдар және макияжға арналған заттар, тері күтіміне арналған заттар (дәріліктерден басқа), күнге күйе және күнге күйеге қарсы заттарды, маникюр мен педикюр заттарын қоса алғанда
16.136.	3305	шашқа арналған заттар
16.137.	3306	тіс протездерін бекітетін ұнтақтар мен пасталарды қоса алғанда, ауыз қуысы немесе тістердің тазалығына арналған заттар; бөлшек сауда үшін жеке орамдағы тістердің аралығын тазалау үшін пайдаланылатын жіптер (тіс шыты)
16.138.	3307	қырынардан бұрын, қырыну кезінде немесе қырынғаннан кейін пайдаланылатын құралдар, жеке мақсаттағы дезодоранттар, ванна қабылдауға арналған құрамдар, шаш алатын құралдар және басқа жерде аталмаған немесе енгізілмеген өзге де парфюмерлік, косметикалық және иіс заттары, хош иістендірілген немесе хош иістендірілмеген, дезинфекциялық қасиеттері бар немесе жоқ үй-жайларға арналған дезодоранттары
16.139.	3401	сабын; кесек, кесік түрінде немесе нысандаған түрде, құрамында сабын болатын немесе болмайтын, сабын ретінде қолданылатын, үстіңгі органикалық белсенді заттар; бөлшек сауда үшін өлшеніп салынған, сұйық немесе крем түріндегі, құрамында сабын болатын немесе болмайтын беттік белсенді органикалық заттар мен денені жууға арналған құралдар; сабын немесе жуғыш зат сіңірілген қағаз, мақта, киіз немесе фетр және тоқымалық емес материалдар
16.140.	3402	беттік-белсенді органикалық заттар (сабыннан басқа); беттік-белсенді құралдар, жуғыш заттар (қосалқы жуғыш заттарды қоса алғанда) және тазалайтын, құрамында сабын болатын немесе болмайтын құралдар (3401 тауар позициясының құралдарынан басқа)
16.141.	3403	жақпа материалдары (кескіш жабдықтар үшін жақпа-салқындатқыш эмульсияларды, болттар мен гайкаларды бұрауды жеңілдететін құралдарды, датты кетіруге арналған құралдар мен жақпалар негізіндегі бұйымдарды қалыптан алып шығуды жеңілдететін датқа қарсы құралдар мен препараттарды қоса алғанда) және битуминоздық жыныстардан алынған негізгі құрамдас бөліктер ретінде 70 салмақты пайыздан не одан көп мұнай не мұнай өнімдері бар құралдардан басқа, тоқыма материалдарын, теріні, жүнді жаққы маймен және маймен өңдеу үшін пайдаланылатын құралдар
16.142.	3404	жасанды балауыздар және дайын балауыздар
16.143.	3405	3404 тауар позициясының балауыздарынан басқа, аяқ киімге арналған ваксалар мен кремдер, жиһаз, едендер, автомобиль кузовтары, шыны не металға арналған жылтыратпалар (полироль) және мастикалар, тазартқыш пасталар, ұнтақтар және ұқсас құралдар (оның ішінде, сол құралдар

		сіңірілген мақта, киіз не фетр, тоқымалық емес материалдар, кеуекті пластмассалар не кеуекті резеңке)
16.144.	3406 00 000 0	балауыз шамдар, жіңішке балауыз шамдар және ұқсас бұйымдар
16.145.	3407 00 000 0	балаларға арналған пластилинді қоса алғанда, жабыстыру пасталары; "тіс дәрігерлік балауыз" немесе орамдарға, жиынтықтарға өлшеніп салынған, тістің көшірме бедерін алуға арналған құрамдар, плитка түрінде, таға нысанында, кесектердегі немесе ұқсас нысандардағы; гипс (кальциленген гипс не кальций сульфаты) негізіндегі өзге де тіс дәрігерлік мақсаттарға арналған құрамдар
16.146.	3501	казеин, казеинаттар мен казеиннің басқа да туындылары; казеин желімі
16.147.	3502	альбуминдер (құрғақ затқа қайта есептегенде құрамында 80 салмақты пайыздан артық сарысу ақуызы бар екі немесе одан артық сарысу ақуызының концентраттарын қоса алғанда), альбуминаттар мен басқа да альбумин туындылары
16.148.	3503 00	желатин (оның ішінде тікбұрышты (шаршыны қоса алғанда) парақтарда, сырты өңделген немесе өңделмеген, боялған немесе боялмаған) және желатиннің туындылары; балық желімі; басқа да жануардан жасалған желімдер, 3501 тауар позициясының казеинділерінен басқа
16.149.	3504 00	пептондар мен олардың туындылары; ақуыз заттар мен олардың туындылары, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген; теріден жасалған ұнтақ, немесе голья, хромдалған немесе хромдалмаған
16.150.	3505	декстриндер мен басқа да түрлендірілген крахмалдар (мысалы, алдын ала желатинделген немесе күрделі эфирге айналдырылған крахмалдар); крахмалдар немесе декстриндер немесе өзге де түрлендірілген крахмалдар негізіндегі желім
16.151.	3506	дайын желімдер мен басқа да айын адгезивтер, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген; желімдер немесе адгезивтер ретінде пайдалануға жарамды өнімдер, желімдер немесе адгезивтер ретінде бөлшектеп сату үшін өлшенген, таза массасы 1 кг-нан артық емес
16.152.	3506	ферменты; ферментті препараттар, басқа жерде аты аталмаған немесе енгізілмеген
16.153.	3604	фейерверктер, белгі беру зымырандары, жаңбырлық зымырандар, тұманға қарсы сигналдар және басқа да пиротехникалық бұйымдар
16.154.	3605 00 000 0	3.04 тауар позициясының пиротехникалық бұйымдарынан басқа, сіріңкелер
16.155.	3701	фотопластинкалар мен фотоүлдірлер, жұқа, сенсублизацияланған, экспонизацияланбаған, қағаздан, картоннан немесе тоқымалардан басқа, кез келген материалдардан жасалған; жылдам суретке түсіруге арналған жұқа үлдірлер, сенсублизацияланған, экспонизацияланбаған, орамда немесе орамсыз
16.156.	3702	фотопластинка, орамадағы, сенсублизацияланған, экспонизацияланбаған, қағаздан, картоннан немесе тоқымалардан басқа, кез келген материалдардан жасалған; жылдам суретке түсіруге арналған орамдағы жұқа үлдірлер, сенсублизацияланған, экспонизацияланбаған
16.157.	3703	фото сурет қағазы, картон және тоқыма материалдар, сенсублизацияланған, экспонизацияланбаған
16.158.	3704 00	фотопластинкалар, үлдір, қағаз, картон және тоқыма материалдары, экспонизацияланған, бірақ шығарылмаған

16.159.	3705 00	фотопластинкалар мен фотоүлдірлер, экспонизацияланған және кино үлдірден басқа шығарылғандар
16.160.	3706	экспозицияланған және шығарылған киноплёнка, дыбыс жолағы бар немесе жоқ, немесе тек дыбыс жолағын ғана қамтитын
16.161.	3707	фотохимикаттар (лактардан, желімдерден, адгезивтерден және ұқсас препараттардан басқа); фотографиялық мақсатта пайдаланылатын, өлшенген мөлшерде берілетін немесе пайдалануға дайын түрде бөлшектеп сату үшін оралған араласпаған өнімдер
